

**«Гүлдер» балабақшасындағы жалпы ата-аналар жиналысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

07.09.2023ж

Қатысқаны: 40

Тақырыбы: Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның бірлігі

Күн тәртібі

1. 2023–2024 оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.
3. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының негізгі бағыттары туралы баяндады. Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру қызметінің сапасын арттыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбие беру, сондай-ақ ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту бағытында жүргізілетін жұмыстармен таныстырды. Жылдық жоспардың негізгі іс-шаралары мен ата-аналардың қатысуымен өткізілетін тәрбиелік жұмыстарға тоқталды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды. Балаларды балабақшаға уақытында әкелу және алып кету, келмеген жағдайда алдын ала хабарлау, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, балалардың денсаулығына қатысты анықтамаларды уақытылы тапсыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау және ата-аналардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші ата-аналар комитетінің жұмыс бағыттарын таныстырды. Комитеттің балабақшадағы тәрбиелік, мәдени-көпшілік және қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға қолдау көрсететіні айтылды. Ашық дауыс беру арқылы ата-аналар комитетінің төрағасы мен мүшелері сайланып, олардың алдағы оқу жылына арналған міндеттері белгіленді.

Сөйледі:

Ата-аналар балабақша ұжымының жаңа оқу жылына қойған мақсаттарын қолдайтындарын білдіріп, бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның өзара түсіністікпен жұмыс істеуінің маңыздылығын атап өтті. Олар ішкі тәртіп ережелерін сақтауға және балабақша ұйымдастыратын іс-шараларға белсенді қатысуға дайын екендіктерін жеткізді. Сонымен қатар ата-аналар комитетінің жұмысына қолдау көрсететіндерін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе ата-аналар жиналысы
ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. 2023–2024 оқу жылының мақсат-міндеттері ата-аналардың назарына алынсын және бірлесіп жүзеге асырылсын.

Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері барлық ата-аналар тарапынан қатаң сақталсын.

3. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамы бекітілсін. Комитет мүшелері жылдық жоспарға сәйкес балабақшамен бірлесіп жұмыс жүргізсін. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып отырсын.



Жиналыс төрайымы: М.Е.Овезова
Хатшы: Ә.Чалмахсимова

**«Гүлдер» балабақшасындағы жалпы ата-аналар жиналысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

23.05.2024ж

Қатысқаны : 50

Тақырыбы: Бір оқу жылы – бір белес

Күн тәртібі

1. 2023–2024 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың жетістіктері мен даму нәтижелері.
3. Жазғы сауықтыру және қауіпсіздік шаралары.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры 2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасады. Жылдық жоспардың толық орындалғаны, ұйымдастырылған оқу қызметтері, тәрбиелік іс-шаралар, мерекелік бағдарламалар және ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелері баяндалды. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған іс-шаралардың тиімділігі атап өтіліп, оқу жылының табысты аяқталғаны туралы айтылды.

2. Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер тәрбиеленушілердің жыл бойындағы жетістіктерімен таныстырды. Балалардың сөйлеу мәдениеті, танымдық қабілеттері, шығармашылық белсенділігі, дене дайындығы және әлеуметтік дағдыларының дамуы туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар түрлі байқауларға, мерекелік шараларға және көрмелерге белсенді қатысқан тәрбиеленушілер атап өтіліп, ата-аналардың бала тәрбиесіне қосқан үлесі үшін алғыс білдірілді.

3. Үшінші мәселе бойынша медицина қызметкері мен әдіскер жазғы сауықтыру кезеңіндегі қауіпсіздік талаптары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ата-аналарға балалардың күннен қорғануы, жеткілікті сұйықтық ішуі, су айдындарының жанында қауіпсіздік ережелерін сақтауы, жол қозғалысы ережелерін орындауы, жеке бас гигиенасын сақтауы және балаларды қараусыз қалдырмауы жөнінде ұсыныстар берілді. Сонымен қатар жазғы шынықтыру және сауықтыру іс-шараларының жоспары таныстырылды.

Сөйледі

Ата-аналар балабақша ұжымына оқу жылы бойы көрсеткен қамқорлығы, сапалы білімі мен тәрбиесі үшін шынайы алғыстарын білдірді. Балалардың бойындағы оң өзгерістерді ерекше атап өтіп, жаз мезгілінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға және келесі оқу жылында да балабақшамен тығыз байланыста жұмыс істеуге дайын екендіктерін жеткізді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе ата-аналар жиналысы
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2023–2024 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Балалардың жетістіктерін әрі қарай дамыту бағытындағы жұмыстар келесі оқу жылында жалғастырылсын.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіздік шаралары ата-аналар тарапынан қатаң сақталсын. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын одан әрі дамыту мақсатындағы жұмыстар келесі оқу жылында да жүйелі түрде жүргізілсін.



Жиналыс төрайымы: М.Е.Овезова
Хатшы: Ә.Чалмахсимова